

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 10 маусымы

KASE биржалық нарықтың 2020 жылдың шілде айындағы жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылдың шілде айының биржалық нарықтың жұмыс қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі мамыр 8 581,2 млрд теңге млрд теңгені құрады, маусым айымен салыстырғанда 26,8 % немесе 3 142,3 млрд теңгеге өсті.
- KASE Индексі мәні мамыр айында 4,4 %, 102,60 нүктеге өсіп 2 445,81 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру 1,5 % немесе 259,4 млрд теңгеге артып, 17,5 трлн теңгені құрады.
- Саудаланған корпоративтік қарыз көлемі 1,2 % немесе 159,6 млрд теңгеге өсіп, 13,7 трлн теңгені құрады.
- 2020 жылдың шілдесінде KASE ресми тізіміне корпоративтік облигациялардың және базалық активі "Қазақстан Халық Жинақ банкі" АҚ жай акциялары болып табылатын, жахандық депозитарлық жазылымның бір шығарылымы енгізілді.
- 2020 жылдың 01 тамызындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 181 эмитенттің 44 бағалы қағаздары тіркелген.
- 2020 жылдың 01 тамызындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 123 278 жеке шот тіркелді, ол өткен айға қарағанда 925 шотқа және 2020 жылдың басына қарағанда 5 583 шотқа артық.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2020 жылдың шілде айында KASE келесі шаралар мен жобаларды жүзеге асырды:

- KASE шілде айында қор нарығында ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінің екінші релизін енгізу бойынша жұмыстарды аяқтады. 2020 жылдың 03 тамызынан бастап қор нарығының барлық қаржы құралдарымен сауда-саттық жаңа жүйеде жүргізіледі, сондай-ақ аталмыш күннен бастап KASE қор нарығында репо операцияларынан, есептеулер гросс-негізінде жүргізілетін – әрбір жеке мәміле бойынша, бірқатар қаржы құралдарынан басқа, барлық бағалы қағаздармен барлық мәмілелер бойынша орталық контрагент қызметін атқарады.
- 2020 жылдың 24 шілдесінде KASE биржалар арасында Шанхай қор биржасы (SSE) және Халықаралық Шанхай Коммуникациялар мен Ынтымақтастық орталығы (SICCCE) ұйымдастырған, биржалық нарық өсуін талқылау бойынша онлайн-кездесу өткізді. Кездесуге 16 қор биржасының өкілдері қатысты.
- 2020 жылдың 15 шілдесінде KASE "Эмитент күні" жобасы аясында "Қазақтелеком" АҚ басшылығы инвесторлар, бағалы қағаздардың кәсіби қатысушылары және БАҚ өкілдерімен онлайн-кездесу өткізді.
- KASE 2020 жылдың 10 шілдесінде Қазақ-Британ техникалық университеті және 2020 жылдың 24 шілдесінде KIMEP және Satbayev University Университеті үшін,

студенттер, магистранттар мен профессорлық-мұғалімдер құрамы үшін "Қор нарығында қалай сауда жасаймыз" атты вебинар өткізді.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Шілде айының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капитализациясы 1,5 % немесе 6 млрд теңгеге артып, 17,5 трлн теңгені (42,1 млрд USD) құрады.

Шілде айының аяғында KASE сауда-саттық тізімінде 138 эмитенттің 122 акциялары орналастырылды, олардың ішінде үш шығарылымы листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді.

Шілде айында акциялармен сауда-саттық көлемі 34,7 % немесе 6,0 млрд теңгеге азайып, 11,3 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 536,9 млн теңгені құрады, мәміленің орташа күндік саны - 815, бір мәміленің орташа көлемі – 658,8 мың теңге.

Есептік айында акцияларының алғашқы нарығы секторында "БАСТ" АҚ өзінің 3 580 жай акцияларын 1,4 млрд теңгеге бір акцияға 12 000 теңгеден орналастырды. Негізгі инвесторлар санатында заңды тұлғаларға - 76,9 %, жеке тұлғаларға – 23,1 %.

Шілде айында қайталама нарық көлемі 9,9 млрд теңгені құрады, ол маусым айының көрсеткішінен 37,8 % немесе 6 млрд теңге төмен.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында қайталама нарықта белсенді болғаны жеке тұлғалар, олардың шоттарына акциялармен мәмілелердің жалпы көлемінің 55,7 % келді. Брокер-дилерлердің үлесі 10,4 %, өзге институционалдық инвесторлар – 22,0 %, өзге заңды тұлғалар 17,3 %. Екінші деңгейдегі банктер (ЕБД) сауда-саттыққа 0,4 % келді. Бейрезиденттердің қатысуы 4,2 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың мамыр айында KASE Индексі 4,4 % дейін немесе 102,60 нүктеге өсіп, 2 445,81 нүктені құрады (2020 жылы максималды мәні, 2019 жылдың 16 сәуірінен максималды мәні). Жыл басынан бері көрсеткішті өзгерту +3,5 %. Индекс акцияларымен мәміле көлемі шілде айында 7,5 млрд теңгені құрады, ол маусым айындағы көрсеткіштен 33,9 % төмен.

Эмитент	Сауда-саттық коды	Баға өзгеруі		
		01.07.2020	01.08.2020	шілде айында
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 320,00	2 913,99	+25,6%
"Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	5 634,98	6 019,00	+6,8%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	25 300,00	26 990,00	+6,7%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	791,04	814,87	+3,0%
"Кселл" АҚ	KCEL	2 505,03	2 529,99	+1,0%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	230,00	230,00	0,0%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 726,95	1 710,00	-1,0%
"Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ	HSBK	128,43	116,78	-9,1%

KASE Индексі өсімінің негізгі драйвері KAZ Minerals PLC жай акциялары болды, есептік кезеңде 25,6 % дейін қымбаттап, 2 913,99 теңгені құрады. Лондон қор биржасында (LSE) есептік кезеңде эмитент акцияларының құны 9,0 % дейін өсіп, 545,00 британ пенсін құрады. Акциялар өсімінің негізгі триггері товарлық нарықтағы мыс баға белгілеулерінің қалпына келтіріліп, акцияларының өсуі және ірі экспортер елдерде COVID-19 жағдайына байланысты металл өндіру көлемі қысқарды, сондай-ақ актив баспанасына сұраным аясында алтын баға белгілеулері тарихи максимум деңгейіне жетті. Сонымен қатар, әлемдегі негізгі мыс тұтынушысы болып табылатын,

Қытай Халық Республикасының экономикасы, сарапшылардың болжамынан жылдам қалпына келтірілді, ол мыс баға белгілеулерінің өсуінің драйвері болды.

Шілде айында екінші үздік нәтижесі "Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы" АҚ жай акциялары үздік нәтиже көрсетіп, 6,8 % ейін қымбаттап, 6 019,00 теңгені құрады. Компанияның ЖДҚ Лондон қор биржасында есептік кезеңде 5,4 % дейін өсіп, \$14,60 құрады. Компанияның бағалы қағаздарының өсуінің негізгі драйвері жыл басынан бері оның әлемдік өндірудің қысқару аясында уранның бағасы болып табылады. Сонымен қатар, баға белгілеудің елсенді қозғалысына аймақтық сарапшылардың жарияланымдарындағы оң бағалаулары ықпал етті.

Шілде айында KASE индексі акциялары арасында бағаның төмендеуі "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акциялары 9,1 % дейін төмендеп, 116,78 теңгені құрады. Ай бойы акцияның бағасы төмендеп отырды, төмендеу шыңы 17-22 шілдеде болды және 23 шілдедегі бір жай акцияға 17,08 теңгеден банк акционерлерінің жалпы жиналысының жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешімінен кейін аяқталды (2018 жылыдың қорытындысы бойынша дивиденд бір акцияға 10,78 теңгені құрады). Сондай-ақ, ағымдағы жылы банктің жай акциялары KASE саудаланатын барлық акциялар арасында жасалған мәмілелер саны бойынша алдыңғы орындарда тұр, ал ағымдағы жылдың ақпан айында акцияның құны тарихи максималды мәніне жетті.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

Шілде айының қорытындысы бойынша корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі 1,2 % артып немесе 204,5 трлн теңгеге төмендеп, 159,6 млн теңгеге (32,9 млрд USD) жетті.

Шілде айының соңындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде 73 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 261 шығарылымы болды. Есептік айда KASE ресми тізіміне корпоративтік облигациялардың бір шығарылымы енгізілді: "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ шығарылымы.

Есептік кезеңде ресми тізімнен айналым мерзімі аяқталуына байланысты төрт корпоративтік шығарылымы шығарылды: "RG Brands" АҚ, "Samruk-Kazyna Construction" АҚ, "ARLAN WAGONS" ЖШС және "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық Ұйымы АҚ.

KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні 29 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,92 % құрады.

Маусым айына қарағанда Биржадағы корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі наурыз айына қарағанда 55,8 % немесе 109,7 млрд теңгеге төмендеп, 138,8 млрд теңгені құрады. Төмендеу алғашқы және қайталама нарықта байқалды.

Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 5,2 млрд теңгені құрады, орташа күндік мәміле саны – 11, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 7, бір мәміленің орташа көлемі – 703,4 млн. теңге.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығында алты эмитенттің жеті облигациялық шығарылымы жалпы сомасы 97,3 млрд. теңгеге орналастырылды, ол сәуір айының көрсеткішінен 59,9 % немесе 145,1 млрд теңгеге төмен.

- "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ KZ2C00006476 (BASPb7) және KZ2C00006484 (BASPb8) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі тиісінше жылдық 11,21 % және 11,13 % орналастырып, 28,3 млрд теңге тартты;
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ KZ2C00006849 (AGKKb13) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,75 % орналастырып, 10,0 млрд теңге тартты,
- "КазАгроҚаржы" АҚ KZ2C00006781 (KAFIb10) облигацияларын тартып, 8,6 млрд теңге тартты.
- "ТехноЛизинг" ЖШС KZ2P00006299 (THLZb1) облигацияларын кірістілігі жылдық 18,00 % орналастырып, 122,9 млн теңге тартты;
- "Бөлшек және жеке сауда кәсіпорны" АҚ KZ2C00004539 (ORPTb1) облигацияларын өтеу кірістілігі жылдық 10,4993 % орналастырып, 322,0 млн теңге тартты;
- "Қазақстан Даму Банкі" АҚ KZ2C00006864 (BRKZb19) бес жылдық облигацияларын жылдық 11,80 % орналастырып, 50,0 млрд теңге тартты.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 56,3 %, брокер-дилерлердің үлесі – 5,2 %, басқа институционалдық инвесторлар – 33,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 5,2 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 4,0 % бағаланды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі маусым айындағы көрсеткіштен 2 есе немесе 12,4 млрд теңгеге төмендеп, 6,3 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 17,3 %, брокер-дилерлердің үлесі – 32,8 %, басқа институционалдық инвесторлар – 29,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 16,2 %, жеке тұлғалардың үлесі - 3,8 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 14,1 % бағаланды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Мамыр айының қорытындысы бойынша Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналдық құны бойынша сомасы 15,1 трлн теңгені құрап (36,2 млрд USD), шілде айының қорытындысы бойынша 0,5 % немесе 70,0 млрд теңгеге төмендеді.

KASE МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі на 11,6 % немесе 66,9 млрд теңгеге төмендеп, 645,2 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 30,7 млрд теңге болды (қайталама нарықта – 8,6 млрд теңге); орташа күндік мәмілелер саны – 16 (қайталама нарықта – 9); бір мәміленің орташа көлемі - 2,0 млрд теңге (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 951,8 млн теңге).

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 465,3 млрд теңгені құрады, наурыз айындағы көрсеткіштен 11,5 % төмен. Олардың ішінде 14,9 млрд теңге төрт облыстың әкімдіктері және Алматы, Шымкент қаласының әкімдіктері мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаны жүзеге асыру аясында тартты. Қаржы министрлігі 450,4 млрд теңге тартты, шілде айына қарағанда ол көрсеткіш 43,9 % жоғары. Барлығы шілдеде орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,52 % және 10,79 % жеті облигациялық шығарылымы орналастырылды: орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,78 % екі ұзақ мерзімді шығарылымы және қысқа мерзімді орташа сараланған кірістілігі жылдық. Сатып алушылар ретінде ЕДБ қатысты, олардың үлесі 31,2 % құрады, өзге институционалдық инвесторлардың үлесі 64 %, өзге заңды тұлғалар, үлесі 4 % асты және брокер-дилерлердің үлесі 0,4 % аз. Алғашқы нарықта бейрезиденттердің үлесі 2,4 % құрады.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 3,4 есе өсіп, 127,4 млрд теңгеге төмендеп, 66,8 млрд теңгеге жетті. 82,7 % немесе 148,8 млрд теңге қайталама нарықтың жалпы сауда-саттық айналымынан МЕКАМ, 17,2 % немесе 30,9 млрд теңге – Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарын құрады. Шет мемлекеттердің МБҚ жасалған мәмілелердің көлемі 102,2 млн теңгеге жетті.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 23,9 %, брокер-дилерлердің үлесі – 0,4 %, басқа институционалдық инвесторлар – 6,9 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 6,9 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1 % асқан жоқ. Резидент еместердің қатысу үлесі 1,6 % болады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде төрт халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 28 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

Шілде айында ХҚО жаңа қағаздары қосылған жоқ.

Есептік кезеңде аталмыш секторда жалпы сомасы 664,3 млн теңгеге 3 мәміле жасалды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҰЛДАРЫ

01 тамыздағы жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында сегіз компанияның басқаруындағы қаржы құралы болды.

Есептік кезеңде сауда-саттық көлемі 643,6 млн теңгені құрап, өткен жылдың мамыр айымен салыстырғанда 404 млн теңгеге немесе 2,7 % өсті.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
IE_FXBF	557,0	6
US_BIL_	45,6	4
US_SPY_	23,0	4
FFIN_or	11,5	44
CSECfe	6,0	49
	643,6	109

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 49,3 %, брокер-дилерлердің үлесі – 11 %, басқа институционалдық инвесторлар – 49,6 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 3 % болды.

"Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы – "BCC Invest" АҚ 2020 жылдың сәуір-маусым айларына "ЦентрКредит – Валютный" ЖЗИҚ KZPF00000058 (BCCI_cc) үлеспұлдарын ұстаушыларға дивиденд төлегені туралы хабарлады. Ұсынған ақпаратқа сәйкес, төлем сомасы 714 359,65 АҚШ долларын құрады, дивиденд төлеу үшін үлеспұлды ұстаушыларды тіркеу күні – 2020 жылдың 30 маусымы.

Үлеспұлдары Қазақстан қор биржасының (KASE) ресми тізімінде тұрған, "Fixed Income" аралық үлеспұл инвестициялық қорының басқарушы компаниясы болып табылатын "Фридом Финанс" АҚ (Алматы), Қазақстан қор биржасын 2020 жылдың 10 шілдесінде KZPF00000082 (FFIN_or) үлеспұлдарын ұстаушыларына 2020 жылдың екінші тоқсанында төлем жасағаны туралы хабарлады. Ұсынған ақпаратқа сәйкес, төлем сомасы 7 096 147,96 теңгені құрады, дивиденд төлеу үшін үлеспұлдарды ұстаушыларды тіркеу күні – 2020 жылдың 30 маусымы.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2020 жылдың шілдесінде жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 123 278 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш 2020 жылдың басына қарағанда 925 шотқа артып, 5 583 шотты құрады.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі шілде айында 869,2 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 0,9 % немесе 7,5 млрд теңгеге артық. Шілде айында орташа күндік мәмілелер саны – 461, бір мәміленің орташа көлемі – 41,4 млн теңге, бір мәміленің орташа көлемі – 89,8 млн теңге. Өткен аймен салыстырғанда орташа күндік сауда-саттық көлемі 39,2 млрд теңге, орташа күндік мәмілелер саны – 445, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 88,1 млрд теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен айдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	2 067,35 (-1,3 %)	98,0 % (+0,3%)	9 476 (-38)	405,66 – 418,00	418,00 (+3,5%)
RUB/KZT	303,50 (-14,4 %)	0,2 % (0%)	90 (+8)	5,6845 – 5,8318	5,7319 (-0,5 %)
CNY/KZT	238,36 (-14,2 %)	1,6 % (-0,2%)	30 (-72)	57,1705 – 59,7200	59,72 (+4,5%)

EUR/KZT	2,67 (-25,9 %)	0,1 % (0%)	99 (-5)	453,75 – 490,30	490,30 (+8,1%)
---------	-------------------	---------------	------------	-----------------	-------------------

Теңге шілде айында KASE алаңында саудаланатын ресей валютасына ғана қатысты емес, өзге де шет елдік валюталарға қатысты позициясын нығайтумен аяқтады, шет елдік валютаға қатысты әлсірегенін көрсетті. Ағымдағы айда теңге АҚШ долларына қатысты 3,5 % төмендеп, 403,93 дейін құлдырап, бір валюта бірлігіне 418,00 теңгені құрады. Сәуір айының басында ең жоғарғы мәніне қатысты бір долларға 448,52 теңгені құрады, теңге есептік кезеңнің соңына қарай 6,8 % нығайды.

ТМД елдерінің арасында АҚШ долларына қатысты шілде айында қырғыз сомы (+3,2 %), ресей рублы (+4,1 %) және қазақстандық теңге (+3,5 %) орын алды.

АҚША НАРЫҒЫ

Шілде айының аяғында маусым айымен салыстырғанда TONIA индикаторы (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша "МБҚ қоржыны" бір жұмыс күнінен орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 16 б.н. артып, жылдық 8,25 %-дан 8,41 %-ға жетті.

TWINA индикаторы мәні (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша "МБҚ қоржыны" мерзімі жеті жұмыс күніне орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 28 б.н. өсіп, жылдық 9,19 % -дан 9,47 % -ға жетті.

Шілде айының соңында бір күндік долларлық своп операцияларының кірістілігі SWAP-1D (USD) жылдық 8,11 % құрап, 52 б.н. өсті. Екі күндік своп операцияларының кірістілігі SWAP-2D (USD) жылдық 8,76 % артып, 30 б.н. құрады.

USD/KZT валюталық своп операциялары бойынша және бір жұмыс күніне ашылған, МБҚ автоматты репо операциялар бойынша орташа сараланған мәміле көлемі арқылы кірістілік мәнін көрсететін қаржы нарығының композиттік индикаторы MM_Index, 19 б.н. артып, жылдық 7,89 %-дан 8,38%-қа дейін өсті.

Шілде айында KazPrime-3M (KZT) индексі 100 б.н.төмендеп, маусым айымен салыстырғанда 11,5 % -дан 10,5 % -ға азайды.

Репо операцияларының нарығы

Өткен айда осы сегменттегі сауда-саттықтар көлемі 6 307,2 млрд теңгені құрады, өткен жылдың көрсеткішінен (маусым айында репо операцияларының көлемі 9 416,4 млрд. теңгені құрады) 3 109,2 млрд теңгеге немесе 33 % артық. Репо операцияларының орташа күндік көлемі 300,3 млрд. теңге болды, орташа күндік мәмілелер саны – 502, бір мәміленің орташа көлемі – 598,6 млн теңге.

95,94 % репо ашылуының мәмілелерінің жалпы көлемінен МБҚ қоржыны мәмілелеріне келді. МБҚ қоржынымен автоматты репо операциялары нарығында танымал құрал ретінде мерзімі бір күндік репо операциялары, олармен мәміле үлесі МБҚ себетімен авторепо нарығындағы жалпы сауда-саттық көлемі 89,1 % құрады.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтар көлемі 36,4 млн теңгеге немесе 6,1 %, артып, 601,0 млрд теңгеден 637,4 млрд теңгеге жетті. Шілде айында валюталық своп операцияларының барлық мәмілелері АҚШ долларымен жасалды.

Бір күндік валюталық своп операцияларының барлық мәмілелері 30,4 млрд теңгені, орташа күндік мәміле саны – 3 млрд теңгені құрады. Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 65,4 % (417,1 млрд теңге немесе 1 млрд USD) екі күндік валюталық своптардың нарығында (USDKZT_0_001) үлесінде болды. (199,8 млрд теңге немесе 0,5 млрд USD) сауда-саттықтардың жалпы көлемінде 31,4 % валюталық своп нарығында екі күндік валюталық своп мәмілелеріне келді (USDKZT_0_002), сауда-саттықтардың жалпы көлемінен 3,2 % (20,5 млрд теңге немесе 0,05 млрд. USD) бір айлық валюталық своп мәмілелеріне келді (USDKZT_01M).

Деривативтер нарығы

Биржалық нарықтың деривативтер секторында саудалауға, базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Тамыз айының басында деривативтер нарығының сауда-саттыққа қатысушыларының ашылған жайғасымдары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрын көрсетеді.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне себептеседі.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.